

МРНТИ: 15.81.99

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.19>

Л.А.Шотыбаева¹, Ф.Ә.Абаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
(Алматы, Қазақстан)

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКЕМЕЛЕРДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ КАБИНЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛЬНЕ САЙ ТИІМДІЛІГІН КӨТЕРУ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті ортада оқытудағы медициналық модельден әлеуметтік білім беру моделіне көшуде жалпы білім беру мектептеріндегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің негізгі аспектілерін анықтап, олардың қызмет көрсету тиімділігін арттыру үшін негізгі шарттар ұсынылған. Ол үшін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінде жұмыс жасайтын мамандардан сауалнама алынды, сұрақтар жалпы сұрақтардан басталып, нормативті-құқықтық блок, практикалық блок бойынша сұрақтар мен оқу жоспарлары мен оқу материалдарын анықтау блогіне біртіндеп көшіп отырды. Ол бойынша психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің қызмет көрсету тиімділігін арттыру үшін келесі шарттар анықталды: инклюзивті ортада оқу-тәрбиелеу процесінің адаптивті моделін қалыптастыру керектігі, ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушыларға ерекше жағдайдың жасалуы; ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушының потенциалын жүзеге асыруда құрдастарының қолдауы; инклюзивті білім беру жүйесін ұйымдастырушылық бағытта көптеген мәселелер заңнамалық тұрғыдан нақтылануы керек. Инклюзивті ортада адаптивті модельді қалыптастыру және оларға ерекше жағдай жасау бала потенциалын толық жүзеге асырып, өз потенциалы мен мүмкіндігіне орай білім алуға септігін тигізеді. Сонымен қатар олар қоғамның белсенді мүшесі болуы үшін құрбы-құрдастарының көмектесуі, оларды қабылдауы гуманды қоғамның қалыптасуына әсер етеді. Бұл жолда көптеген жұмыстар атқарылып, инклюзивті білім беру жүйесінде ұйымдастырушылық бағытта көптеген мәселелер заңнамалық тұрғыдан нақтылану қажеттігіне басты назар аударылған.

Кілттік сөздер: ерекше білім алу қажеттілігі бар балалар, психолого-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттері, медициналық модель, әлеуметтік білім беру моделі, инклюзивті білім беру жүйесі.

Л.А.Шотыбаева¹ Г.А.Абаева¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
(Алматы, Казахстан)

КРИТЕРИИ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА РАБОТЫ КАБИНЕТОВ ПСИХОЛОГО- ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ ПРИ ПЕРЕХОДЕ ОТ МЕДИЦИНСКОЙ МОДЕЛИ К СОЦИАЛЬНО- ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ МОДЕЛИ

Аннотация

В этой статье рассмотрены основные аспекты работы кабинетов педагого-психологического сопровождения детей с особыми образовательными потребностями в инклюзивной среде и критерий повышения качества их услуг при переходе от

медицинской модели к социально-образовательной модели. Для этого был проведен опрос среди специалистов кабинетов психолого-педагогического сопровождения, вопросы были сформированы по блокам и переходили поэтапно от общих вопросов к нормативно-правовому и практическому блоку, к учебным планам и материалам. По результатам опросника были определены следующие критерии повышения качества работы кабинетов психолого-педагогического сопровождения: сформировать адаптивную модель образовательного процесса в инклюзивной среде; создание особых условий для детей с особыми образовательными потребностями; поддержка сверстников при реализации потенциала детей с особыми образовательными потребностями; разработка законодательных актов организационного характера в сфере инклюзивного образования. Формирование адаптивной модели образования в инклюзивной среде и создание особых условий для детей с особыми образовательными потребностями позволяет детям с особыми образовательными потребностями реализовать свой потенциал и позволит получить образование согласно своей возможности и потенциалу. Поддержка сверстников позволяет включить их в общество и создать более гуманное общество. При этом на этом пути предстоит много работы по вопросам организации инклюзивного образования на законодательном уровне.

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, кабинеты психолого-педагогического сопровождения, медицинская модель, социально образовательная модель, инклюзивное образование.

L. A. Shotybayeva¹ G.A.Abayeva¹
¹Abai Kazakh National Pedagogical
University
(Almaty, Kazakhstan)

CRITERIA FOR IMPROVING THE QUALITY OF PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT IN GENERAL SCHOOLS DURING THE TRANSITION FROM THE MEDICAL MODEL TO THE SOCIO-EDUCATIONAL MODEL

Annotation

This article discusses the main aspects of the work of pedagogical and psychological support of children with special educational needs in an inclusive environment and the criteria for improving the quality of their services during the transition from a medical model to a socio-educational model. For this, a survey was conducted among specialists from the offices of psychological and pedagogical support, the questions were formed in blocks and moved step by step from general questions to the regulatory and practical block, to curricula and materials. Based on the results of the questionnaire, the following criteria for improving the quality of the work of the psychological and pedagogical support in schools were determined: to form an adaptive model of the educational process in an inclusive environment; creation of special conditions for children with special educational needs; peer support in realizing the potential of children with special educational needs; development of legislative acts of an organizational nature in the field of inclusive education. The formation of an adaptive model of education in an inclusive environment and the creation of special conditions for children with special educational needs allows children with special educational needs to realize their potential and will allow them to receive education according to their capabilities and potential. Peer support allows them to be included in society and create a more humane society. At the same time, on this path, there is a lot of work to be done on the organization of inclusive education at the legislative level.

Keywords: children with special educational needs, psychological and pedagogical support in school, medical model, social educational model, inclusive education.

Кіріспе. Қазіргі таңда ҚР ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушыларды оқытуда медициналық модельден әлеуметтік білім беру моделіне көшуде. Ол оқушының оқу мүмкіндіктерін шектейтін факторларға қарамастан олардың мүмкіндігіне орай білім беру. Мысалға алатын болсақ, психикалық және дене ерекшелігі бар балалар білім берудің медициналық моделінде олар білім алуға қиындақтарға тап болады деп, тек арнайы бағдарлама бойынша оқытқан болатын. Ал әлеуметтік білім беру моделінде оларға пән мұғалімдері бағдарламаны сол баланың білім алу қажеттілігіне орай икемдейді. Сонымен қатар, дефектологиялық көзқарас бойынша ұзақ уақыт бойы балалардың осы санатын әлеуметтендіру тәжірибесі жүргізілді, мүгедектік ауру ретінде қарастырылатын медициналық модель аясында олар оқуға қиындыққа тап болады деп есептелінді, ол шын мәнінде кемсітушілік сипатқа ие. Көптеген көрнекті педагогтар мен психологтардың зерттеулерінің парадигмалары дефектологиялық көзқарас баланың тең емес әлеуметтік мәртебесін төмендетеді, емдеуді, кәсіби терапияны қажет етеді, балаға белсенді өмір сүруге емес, өмір сүруге көмектесетін қызметтер қажет деп есептелініп келді. Бұл көзқарас баланы арнайы мектепте білім алуға итермелеп, оның қоғамнан оқшаулануын алып келеді [1]. М. А. Галагузованың [2] анықтамасы бойынша норма-бұл идеалды білім, шартты объективті шындықты белгілеу, белгілі бір орташа көрсеткіш. Бұл термин медицинада, психологияда, педагогикада және басқа ғылымдарда кеңінен қолданылады, онда оның көрсеткіштері, параметрлері, норманың сипаттамалары болады. Нормаға сәйкес келмейтіннің бәрі басқа сөзбен — "ауытқу" дегенді білдіреді. Ал социцентрлік тәсіл [3] зерттеулер мен зерттеудің барлық бағыттарын біріктіреді, басты және айқындаушы мүмкіндіктері шектеулі балалардың даму олардың нақты мәртебесінің факторы-әлеуметтік жағдайлар, ең алдымен үй және олардың өмірінің барлық деңгейлері мен бағыттарындағы қоғам тарапынан қарым-қатынас деп есептейді. Социцентрлік бағытта авторлар Ситаров, Глаголев, Шутенко [4] ақаудың өзі физиологиялық құбылыс емес екенін айтады, баланың өзін-өзі тану саласында ақау психологиялық құбылыс деп атайды. Ал виктимологиялық тәсіл (ағылш. victim-құрбан) бойынша Мудрик [5] әлеуметтік-педагогикалық позициясында соматикалық ақаулар мен ауытқулары бар балалар мен жасөспірімдер әлеуметтенудің белгілі бір құрбандары ретінде қарастырады. Сонымен қатар бұл мәселе жөнінде ақпарат Bellmann, J., және H. Merckens [6], M. Krammer және B. Gasteiger-Klicpera [7], C. Dahnke және A. Zusho [8] еңбектерінде берілген. Жоғарыда көрсетілген авторлардың көзқарастарын саралай келе инклюзивті білім беруде әлеуметтік білім беру моделінде әр баланың білім алуға құқығын мойындай отырып, қалыпты дамудағы балалармен бірге білім алу қажеттіліктеріне орай білім алуға мүмкіндігі бар. Осы әлеуметтік білім беру моделіне сай жалпы білім беру мектептерінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің жұмысының маңызы зор. Сол психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің мамандарының қызметінің көмегімен осы модель бойынша білім беруге болады. Сол себепті осы модель бойынша психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің қызмет көрсету тиімділігін анықтау үшін оған қажетті критерийлерді анықтауды жөн көрдік.

Зерттеу жұмысының мақсаты: жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің медициналық модельден әлеуметтік білім беру моделіне көшуде қызмет көрсету тиімділігін арттыру критерийлерін анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері. Жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттеріндегі мамандардың (логопед, арнайы педагог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог) қазіргі таңдағы медициналық модельден әлеуметтік білім беру моделіне көшуде қызмет көрсету тиімділігін анықтап, практик мамандардың күнделікті кездесіп жатқан мәселелерін талдап, ППС кабинеттерінің қызмет көрсету тиімділігінің критерийлерін анықтау үшін біз алдымызға келесі міндеттерді қойдық:

1. Жалпы білім беретін мекемелерде жұмыс жасайтын психологиялық-педагогикалық кабинет мамандарының медициналық модельден әлеуметтік білім беру моделіне

көшуде «инклюзия» ұғымының, оның ішінде ерекше білім алу қажеттілігі бар балалар ұғымын түсіну деңгейін анықтау.

2. Жалпы білім беретін мекемелерде психологиялық-педагогикалық кабинет жұмысын тиімді ұйымдастыруда нормативтік-құқықтық құжат қажеттілігін анықтау мақсатында практик мамандардың пікірлерін білу.
3. Жалпы білім беретін мекемелерде психологиялық-педагогикалық кабинет жұмысының бағытын анықтау және ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушыларға керек шарттарды анықтау.
4. Жалпы білім беретін мекемелерде психологиялық-педагогикалық кабинет мамандарының ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушыларды оқытуда қандай материалмен жұмыс жасайтындығын анықтау.

Осы жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу үшін біз блоктарға бөлінген сұрақтар санатын даярладық. Ол блоктар сауалнамаға қатысушылардан жалпы мәлімет алуға бағытталған блок, нормативтік-құқықтық және практикалық мәселелер, оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына қатысты төрт блоктан құралады: жалпы сұрақтар, нормативтік-құқықтық блок бойынша сұрақтар, практикалық блок бойынша сұрақтар, оқу жоспарлары мен оқу материалдары.

Зерттеу әдісі. Онлайн анкета (Google forms). Бұл онлайн анкета аз уақыт ішінде көп мамандардың жауабын қамтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ автоматты түрле мәліметтерді өңдеуге мүмкіндік береді. Онлайн сауалнама аз ғана уақыт алады, сондықтан респонденттерден толыққанды жауап алуға септігін тигізеді. Бұл сауалнама инклюзивті білім беру саласында жұмыс жасайтын мамандар отыратын бірнеше чатқа және жалпы білім беретін мектептерге электронды пошта арқылы жіберілді. Зерттеу нәтижесін мемлекеттік ұйымдар, соның ішінде ҚР Білім және Ғылым Министрлігі инклюзивті білім беру жүйесіне мониторинг жүргізуге, жалпы білім беру ұйымдарына және жеке сектордағы білім беру ұйымдарына ерекше білім алуға қажеттілігі бар оқушыға жеке дамыту бағдарламасын жасақтауға қолдануға болады. Сауалнама қазақ тілінде жүргізілді және 13 сұрақтан құралды. Бұл жерде ашық және жабық түрдегі сұрақтар аралас қолданғанымен, жабық түрдегі сұрақтарда өз ойын немесе басқа ұстанымды білдіру үшін қосымша жауап ұяшығы болды.

Этикалық талаптар мен шектеулер. Сауалнама білім беру саласындағы Британдық этикалық талаптарға сай болуы үшін анонимді түрде жүргізілді. Қатысушыларға сауалнамадан бас тартуға болатындығы алдын-ала ескертілді. Сондай-ақ сауалнамаға қатысушылардың жеке ақпараты мен зерттеуге қатысқанын білдіретін басқа да деректер сауалнама алынып, талдау жасалып болғаннан кейін жойылып отырды. Сол себепті зерттеу жұмысында тек қана қана сауалнамаға қатысқан мамандар саны, мамандығы мен мектептер саны мен жүргізілу аймағы ғана көрсетіледі. Барлық сауалнамаға қатысушыларға өз ойын ашық жеткізіп жауап беру ұсынылды. Бұл жерде зерттеу жүргізу барысында сауалнамадан алынған ақпарат зерттеушілер тарапынан алынған ақпаратты дұрыс интерпретацияламау және сұрақтардың орналасу реті мен оның құрастырылуы сауалнамаға қатысушылардың жауабына әсер ету қаупі бар. Дегенмен жауапты дұрыс интерпретацияламау мен қатысушылардың жауабына әсер ету қаупі мәселесін толыққанды алдын алу шын мәнінде мүмкін емес екенін ескере отырып, сонда да біз ол қауіптерді төмендету үшін келесі стратегияларды қолданылды. Ашық және жабық түрдегі сұрақтар қойылғанымен, ашық түрдегі сұрақтардың мөлшері жеткілікті және кейбір сұрақтарда бірнеше жауап дұрыс болған нұсқалар қолданылды. Сұрақтардың реттілігі де жалпыдан, нақтыға және күрделіге қарай өтіп отырды.

Зерттеу нәтижелері және оны талқылау. Сауалнамаға қатысқан респонденттер сауалнама сұрақтарына толық жауап берді. Нәтижелердің барлығы автоматты түрде Google forms бағдарламасы бойынша талданды. Сауалнамаға Алматы, Шымкент және Көкшетау қаласында орналасқан 17 мектеп жауап берді. Жалпы респонденттердің саны

67. Сауалнаманың басты мақсаты-жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің мамандарынан ақпарат жинақтау, оны талдау және соның негізінде жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің медициналық модельден әлеуметтік білім беру моделіне көшуде қызмет көрсету тиімділігін арттыру критерийлерін анықтау.

Жалпы сұрақтар блогі

Сұрақ 1. Қайда және кім болып жұмыс жасайсыз?

Сауалнама этикалық талаптарға байланысты жүргізілуіне сай қатысқан мамандар саны мен мектептер саны көрсетіледі.

Кесте 1. Сауалнамаға қатысқан мамандар

Аймақтар	Мектеп саны	Логопедтер	Арнайы педагогтар	Педагог-психологтар	Әлеуметтік педагогтар
Көкшетау	1	1	1	1	1
Алматы	11	19	21	2	1
Шымкент	6	6	12	2	-
Жалпы саны	17	26	34	5	2

Сауалнама жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттеріндегі мамандарға, атап айтқанда логопедтер, арнайы педагогтар, педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтарға бағытталған болатын. Дегенмен сауалнама ерікті түрде жүргізілуіне орай сауалнамаға жауап берген логопедтер мен арнайы педагогтар саны педагог-психолог пен әлеуметтік педагог санынан әлдеқайда басым. Сондықтан мақаладағы негізгі ақпарат арнайы педагогтар мен логопедтерден алынған.

Сұрақ 2. Инклюзивті білім беру саласында қанша жыл жұмыс жасаудасыз?

Кесте 2. Сауалнамаға қатысушылардың жұмыс өтілі.

1 жылға дейін	13
1 жыл	8
2 жыл	5
3 жыл	10
4 жыл	7
5 жыл	4
6 жыл	2
7 жыл	3
8 жыл	2
9 жыл	1
10 жылдан жоғары	12
Жалпы саны	67

Жұмыс өтілі сауалнамаға қатысқан мамандардың тәжірибелілік деңгейі олардың сауалнамадағы сұрақтарға жауап берудегі expertтік көзқарасына әсер етеді. Тәжірибесі көбірек маман көзқарасы кәсіби тұрғыдан негізделген болып есептеледі. Біздің сауалнамымызға қатысқан мамандардың орта есеппен алғандағы тәжірибесі 6 жылды құрайды.

Сұрақ 3. «Инклюзия» ретінде сіз нені түсінесіз ?

Жалпы білім беру мектептерінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинетінде жұмыс жасайтын мамандардан жауап алу барысында олардың жартысынан астамы жалпы білім беретін сыныпта ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушының болуы деп

жауап берді. Ал 39% арнайы сыныптың ашылуы деп жауап берсе, 9% жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беру бойынша ерекше білім алу қажеттілігі бар бала жалпы сыныпта та, арнайы сыныпта да білім алуы керек деп санайды.

Диаграмма 1. Арнайы сынып саны



Сұрақ 4. Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар). Сіз осы ұғыммен қанишалықты деңгейде келісесіз? (шкала бойынша бағалаңыз мұнда 1 мүлдем келіспеймін, 2 келіспеймін, 3 не деп жауап берерімді білмеймін, 4 келісемін, 5 толығымен келісемін).




Диаграмма 2. Пайыздық көрсеткіште берілген нәтиже

Мамандардың жартысынан астамы жоғарыда берілген анықтамамен келісетінін айтты. Тек төрттен бір бөлігінің ғана не деп жауап берерінің білмеуі мен келіспейтіндердің 16% болуы әлі де ҚР инклюзивті білім беру жүйесінде медициналық модельден әлеуметтік модельге көшу үрдісінде екендігін көрсетеді. Себебі әлеуметтік модельге сай терминологиямен 67 респонденттің арасынан тек 39 маман ғана таныс екендігін көрсетеді.

Сұрақ 5. Сіз оқушылардың қандай категорияларымен жұмыс жасайсыз?

Сауалнама барысында жалпы мектептердегі ерекше білім алу қажеттілігі бар балалар санатының 42% психикалық және физикалық дамуында ерекшелігі бар оқушыларды құраса, мінез-құлқында бұзылысы бар оқушылар саны мен түрлі әлеуметтік мәдени жағдайларға байланысты оқуда қиындық көретін оқушылар саны бірдей екендігіне назар аудартады. Ол ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушылар қатарына дәстүрлі түрде тек психикалық және физикалық дамуында ерекшелігі бар балалар ғана жатпайтындығын көрсетеді.

Диаграмма 3. Мамандар жұмыс жасайтын оқушылар категориясы



Нормативтік-құқықтық блок бойынша сұрақтар

Сұрақ 6. Жұмыс жасағанда қандай нормативті-құқықтық актілерге сүйенесіз?

Сауалнама нәтижесі бойынша мамандар келесі нормаативтік-құқықтық актілерге жұмыс жасау барысында сүйенетінін көрсетті:

1. 26 маусым 2021 жылғы Қ.Р заңы № 56 – VII ЗРК. Қ.Р инклюзивті білім беру мәселесі бойынша кейбір заңнамалық актілерге толықтырулар мен өзгерістер ендіру жөнінде.
2. ҚР «Білім беру» туралы заңы.
3. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы.
4. «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар».
5. «Бала құқықтары туралы» Конвенция, «Мүгедектер құқықтары туралы» Конвенция.
6. Бағдарлама 115бұйрық, 558-қосымша, 530-қосымша, 130-бұйрық.
7. Кемтар балалардың әлеуметтік, педагогикалық-медициналық түзеу арқылы қолдау туралы заңы т.б

Оған қоса әдістемелік тұрғыдан Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бекіткен материалдарды өз жұмысын ұйымдастыруда кеңінен қолданатынын көптеген мамандар атап өтті :

- Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;
- Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі;
- Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау;
- Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру;
- Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастыру;
- Білім беру ұйымдарының тәжірибесіне инклюзивтік педагогика мен енгізу жүйесінің қағидаларын дайындау;
- Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық консилиум ережесі;

- Мектептік консилиумдар құру және ерекше қажеттіліктері бар балаларға интенсивті, кең және арнайы қолдау көрсету;
- Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау;
- Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Бұл психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінде жұмыс жасайтын мамандардың құқықтық тұрғыдан сауаттылығын көрсетеді.

Сұрақ 7. Сіз жалпы білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинетінің қызметін ұйымдастыруға бағытталған нормативті-құқықтық актінің жасалуын қалайсыз ба? Егер қаласаңыз ол қандай бағытта жасалынуы керек? (Мысалы: арнайы педагогтар мен логопедтердің құзыретілігі мен құқығы нақтыланса, ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушылармен оқу үрдісін ұйымдастыру шарттарын қамтитын болса және т.б).

Мамандар сауалнамаға жауап беру барысында инклюзивті білім беру жүйесін ұйымдастырушылық бағытта көптеген мәселелер заңнамалық тұрғыдан нақтылануы керектігін атап өтті. Ол мәселелерге келесілер жатады:

- Жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинетінің мамандарының әкімшілік құрамына жатқызылып, ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушылардан оқытудан тыс жұмыстардың атқарылуы, 7-8 сағаттық жұмыс уақыты бола тұрып, 16 сағаттың жалақысын алуы. Олар заңнамалақ негізде арнайы педагогтар мен логопедтердің жұмыс уақыты мен құзыреттілігінің нақты жазылмағандығынан туындайтын мәселе болып келеді.

- Жалпы білім беретін мектептердегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинетінің мамандары мұғалім санатына жатқызылғанымен түрлі жалақы алуы, кейбір мектептерде логопедтерге тәрбиешілер алатын жалақыны төлеуі, жұмыс уақыты мен жалақы арасындағы сәйкессіздік олардың мәртебесінің төмен екендігін көрсетеді.

Сұрақ 8. Ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруда не маңызды деп ойлайсыз?


Диаграмма 4. Ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандырудың пайыздық көрсеткіші



Диаграмма 5. Ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандырудың пайыздық көрсеткіші



Мамандардың жауабы бойынша ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруда инклюзивті ортада оқитын оқушының ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау, оқулықтарды, оқу құралдарын іріктеу, жеке оқу құралдарын дайындау және кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу жоғары пайыздық көрсеткішті көрсетіп тұр. Ол ең алдымен осы мәселелерге назар аудару керектігін білдіреді.



Сұрақ 9. Мектебіңізде арнайы сыныптар бар ма?

Диаграмма 6. Жалпы білім беру мектептеріндегі арнайы сыныптар мөлшері

Сауалнамаға қатысқан жалпы білім беретін мектептердің көпшілігінде арнайы сынып жоқ, ол ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушылардың көпшілігі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинетінде білім алатындығын көрсетеді.

Сұрақ 10. Мектебіңіздегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеті қандай қызмет түрлерін көрсетеді ?

Жалпы білім беру мектептеріндегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттері түрлі қызмет атқарады. Олар ақпараттық-танымдық, басқа пән мұғалімдеріне оқу-әдістемелік және ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларға білім беру мен тәрбиелеу қызметімен айналысады. Сауалнама барысында ППС кабинеттері көбінесе практикалық қызмет түрлерін, яғни ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларға білім беру мен тәрбиелеу қызметмен айналысатынын көрсетті.

Диаграмма 7. ППС қызметі





Сұрақ 11. Ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларға деген қоғам көзқарасы қандай деп ойлайсыз?

Диаграмма 8. Қоғам көзқарасы

Сауалнамаға қатысқан мамандардың көпшілігі қоғам көзқарасы оң деп санайды, нейтральды деп жауап берушілер саны 17 болса, теріс деп жауап бергендер саны небәрі 3 болды. Ол қоғам санасының ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларға деген көзқарастың өзгеріп келе жатқанын көрсетеді.

Сұрақ 12. Сабақта сіз қандай оқу материалдарын қолданасыз?

Мамандардың көпшілігі интернет ресурстарынан материалдар алады, атап айтқанда special-edu.kz, nao.kz сайттарынан қарайды екен. Бұл сайттар мамандандарылған материалдар мен оқу-әдістемелік жағынан арнайы педагогтар мен логопедтерге көп көмегін тигізуде. Сонымен қатар олар өз жұмысын ұйымдастыруда Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бекіткен материалдарды ккптеп қолданады. Мамандар ол оқу-әдістемелік құралдар мен ктітаптардың электронды нұсқасының ғана болып, ол жалпы білім беру мектептерінің кітапханаларында жоқтың қасы екендігін атап өтті. Сонымен қатар кейбір мамандар оқу материалы өте аз, көп ізденуге тура келеді, Картушина Г.Б «учебное пособие для учащихся вспомогательной школы» мен Рсалдинова оқулықтарын көбірек қолданамын деп жауап бергендер де болды. Ол арнайы оқулықтар көлемі иен тартылу деңгейін көбейту керек дегенді білдіреді.

Сұрақ 13. Жеке дамыту бағытындағы оқу жоспарларын құрастырғанда неге назар аудару керек деп ойлайсыз? (бағдарламаны жеңілдету немесе оқушы потенциалына сай адаптациялау).

Мамандардың барлығы дерлік әр баланың мүмкіндіктеріне орай жеке дамыту бағдарламасын даярлап, сол бойынша жұмыс жасайтынын атап өтті. Олар жеке дамыту бағдарламасын келесі жасақтауда ескереді:

- баланың даму деңгейін;
- материалды қабылдай алуы;
- жеке тұлғалық ерекшеліктері;
- жасы;
- клиникалық диагнозы;

Айта кетерлік психологиялық-педгогикалық сүйемелдеу кабинеттерінде жұмыс жасайтын мамандардың барлығы дерлік жеке дамыту бағдарламаларымен жұмыс жасағанымен, кейбір мектептерде пән мұғалімдері жалпы сыныпта білім алатын ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларға өз пәнінің бағдарламасына сәйкес арнайы, қысқартылған немесе жеке бағдарлама бойынша оқыта бермейді екен.

Қорытынды. ҚР әлеуметтік білім беру модельне көшу әрбір баланың мүмкіндігіне орай білім алуына жағдай жасайтыны сөзсіз. Ол халықаралық Бала құқығын қорғау конвенциясына [9] сай «әрбір бала білім алуға құқылы» деген принципіне негізделеді. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің мамандарының түсінігі бойынша ерекше білім алу қажеттілігі бар балалар санатына көбінесе психикалық және физикалық дамуында ерекшелігі бар балаларды жатқызатындығы сауалнама барысында

анықталды. Жалпы А.К.Ерсарина мен И.Г. Елисеева [10] ерекше білім алу қажеттілігі бар балалардың келесі топтарын бөліп қарастырған болатын:

1 топ. Психикалық және физикалық дамуында ерекшелігі бар балалар жатады: есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, эмоциональдық-еріктік сферадағы бұзылыстар мен психикалық дамуы тежелген балалар.

2 топ. Оқуда, мінез-құлықта ерекше қиындықтары мен эмоциональды проблемалары бар балалар.

3 топ. Білім алушылардың әлеуметтік - психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени себептерге байланысты ерекше білім алуға деген қажеттілігінің туындауы. Бұған аз қамтылған отбасылардан шыққан қараусыз қалған балалар жатады.

Бұл әлеуметтік білім беру моделі бойынша ерекше білім алу қажеттілігі бар балалар санатына барлық оқуда үлгермеушілік байқалатын балаларды қамтитындығын көрсетеді. Дегенмен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинетінің қызметін жоғары топта көрсетілген балалар тобы да пайдаланатыны айқын болды. Сонымен қатар ерекше білім алу қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасауда тек қана психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің мамандары ғана емес, сонымен қатар барлық пән мұғалімдері де белгілі бір жағдайларды жасай отырып, бала мүмкіндігі мен қабілетіне орай білім беру қажеттігі мәселесі туындайды. Ол көптеген мектептерде толық деңгейде инклюзивті білім беру жүйесі ұйымдастырылмағанынан да көрініс тапты. Мамандар инклюзивті білім беру жүйесін ұйымдастырушылық бағытта көптеген мәселелер заңнамалық тұрғыдан нақтылануы керектігін атап өтті. Сонымен жоғарыдағы ақпаратты талдау барысында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің қызмет көрсету тиімділігін арттыру үшін біз келесі шарттарды ұсынамыз:

1. Инклюзивті ортада оқу-тәрбиелеу процесінің адаптивті моделін қалыптастыру керектігі;
2. ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушыларға ерекше жағдайдың жасалуы;
3. ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушының потенциалын жүзеге асыруда құрдастарының қолдауы;
4. инклюзивті білім беру жүйесін ұйымдастырушылық бағытта көптеген мәселелер заңнамалық тұрғыдан нақтылануы керек.

Инклюзивті ортада адаптивті модельді қалыптастыру және оларға ерекше жағдай жасау бала потенциалын толық жүзеге асырып, өз потенциалы мен мүмкіндігіне орай білім алуға септігін тигізеді. Сонымен қатар олар қоғамның белсенді мүшесі болуы үшін құрбы-құрдастарының көмектесуі, оларды қабылдауы гуманды қоғамның қалыптасуына әсер ететіндігі сөзсіз. Осыны жүзеге асыруда жалпы білім беретін мекемелердегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің рөлі қаншалықты тиімді болмақ, шет ел тәжірибесіне сай арнайы мамандар дербес көмек көрсетіп, әр пән мұғалімі өз пәнін оқушының ерекше білім алу қажеттілігіне сай бейімдеу қажет пе, әлде мектептегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің мамандары ұйымдастырушылық қызметпен айналысу керек пе? Осыны негізге ала отырып көптеген жалпы білім беру мектептеріндегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің мамандарының саны біреуден екенін ескере отырып, барлық жүктеме арнайы педагог, логопед, педагог-психологқа түсіп, олар мектептегі барлық ерекше білім алу қажеттілігі бар балалар оқуын ұйымдастыру мен коррекциялық компонент негізінде білім беруді жүзеге асыруда жүктеме көбеюіне сай ол кабинет мамандарының жұмысының тиімділігін төмендету мүмкіндігіне орай ол сүйемелдеу кабинеттерінің жұмысын тиімді ұйымдастыру мәселесі алға шығады. Бұл жолда көптеген жұмыстар атқарылып, инклюзивті білім беру жүйесінде ұйымдастырушылық бағытта көптеген мәселелер заңнамалық тұрғыдан нақтылануы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Sitarov A.A. *Sotsialno-pedagogicheskie podhody i praktiki organizatsii dostupnoi sredy obycheniya detei s ogranichennymi vozmozhnostami zdorová* // *Problemy pedagogiki i psihologii* 2014. № 4. S.181-189. [Cañm]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialno-pedagogicheskie-podhody-i-praktiki-organizatsii-dostupnoy-sredy-obucheniya-detey-s-ogranichennymi-vozmozhnostyami-zdorovya>
2. Galagýzova, M. A. *Sosialnaya pedagogika : kýrs leksu*. M. : VLADOS 2000. S.416. [Cañm]: URL: <https://obuchalka.org/20191223116622/socialnaya-pedagogika-kurs-lekcii-galaguzova-m-a-2000.html>
3. Bezrykova V.S. *Osnovy dyhovnoi kul'týry (ensiklopedichesku slovar pedagoga)*.— Ekaterinbýrg 2000. [Cañm]: URL: <https://www.twirpx.com/file/1142474/>
4. Sitarov V. A., Glagolev, S. N., Shýtenko, A. I. *Evolúsiya idei integrirrovannogo obycheniya v pedagogicheskoi naýke i praktike* // *Znanie. Ponimanie. Ýmenie* 2010. №1. S. 152-160. [Cañm]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/evolyutsiya-idei-integrirrovannogo-obucheniya-v-pedagogicheskoy-nauke-i-praktike>
5. Mýdrík, A. V. *Sosializatsia cheloveka: ýcheb. posobie dlá stýd. vyssh. ýcheb. zavedeni*. M. : Akademia 2006. S.304. [Cañm]: URL: <http://instrao.ru › E library Novikovoi › Books>
6. Bellmann, J., and H. Merkens. 2019. “Bildungsgerechtigkeit als Versprechen.” In *Bildungsgerechtigkeit als Versprechen. Zur Rechtfertigung und Infragestellung eines mehrdeutigen Konzepts*. Münster und New York: Waxmann. [Cañm]: URL: <https://www.waxmann.com/waxmann-buecher>
7. Bešić, E., L. Paleczek, M. Krammer, and B. Gasteiger-Klicpera. 2017. “Inclusive Practices at the Teacher and Class Level: the Experts’ View.” *European Journal of Special Needs Education* 32 (3). [Cañm]: URL: <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/08856257.2016.1240339>
8. Bondie, R. S., C. Dahnke, and A. Zusho. 2019. “How Does Changing ‘One-Size-Fits-All’ to Differentiated Instruction Affect Teaching?” *Review of Research in Education* 43 (1): 336–362. [Cañm]: URL: <https://journals.sagepub.com/doi/full/10.3102/0091732X18821130>
9. Adilet.zan.kz. *Bala quqyǵyn qorǵay konvensiasyn ratifikasialay jaynda*.
10. Eliseeva I.G., Ersarina A.K. *Jalpy bilim beretin mektepterde erekshe bilim alýdy qajet etetin balalardy psihologialyq-pedagogikalıyq súemeldeý. Adistemelik nusqaýlyq*. Almaty, 2019. [Cañm]: URL: <https://special-edu.kz/495-erekshe-blm-beruge-azhettlg-bar-balalara-zhalpy-blm-beru-mektebnde-psihologiyaly-pedagogikalıy-oldau-krsetu.html>